

Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 18-03/577 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 шілдеде № 11800 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес" **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 26 мардағы
№ 18-03/577 бұйрығымен
бекітілген

Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау

, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 63) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу, оның кадастры мен мониторингі (бұдан әрі – есепке алу, кадастр мен мониторинг) жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды мемлекеттік басқару, сондай-ақ жануарлардың биологиялық әртүрлілігі мен мекендейтін ортасын сақтау мақсаттарында жүргізіледі. Есепке алу, кадастр мен мониторинг жануарлар дүниесінің жай-күйі мен географиялық жағынан таралуы, мекендейтін ортасы, саны, жүйелі түрде байқаулардың нәтижелері туралы мәліметтердің жиынтығын, оларды шаруашылық мақсатта пайдалану туралы ақпаратты және басқа да деректерді қамтиды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2026 № 105 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында электрондық нысанда жүргізеді.

Есепке алу, оның кадастры мен мониторингін жүргізу үшін мәліметтер жинауды уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алады және мәліметтерді уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне береді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алып, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне мәліметтер береді.

4. Жануарлар дүниесін есепке алу, оның кадастры мен мониторингі жануарлардың топтары: сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, омыртқасыздар бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 11.09.2025 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жануарлар дүниесін есепке алу, оның кадастры мен мониторингін жүргізу аң аулау объектілеріне жатқызылған және өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын жануарлар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 11.09.2025 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды,
оның кадастры мен мониторингін жүргізу тәртібі**

Параграф - бап 1. Жануарлар дүниесін есепке алуды жүргізу

6. Жануарлар түрлерін есепке алуды жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасы болып табылатын аумақтар мен акваториялар белгіленген тәртіппен бекітіп берілген аңшылық шаруашылығы субъектілері, аумақтық бөлімшелер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.

7. Аңшылық алқаптардың резервтік қорында жануарлар түрлерін есепке алуды уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

8. Жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу республика аумағы бойынша олардың таралуы (мекендеу орындары мен алқаптары), олардың саны және ықтимал пайдалану көлемі туралы деректер алуды қамтамасыз етеді.

9. Жануарлар дүниесін есепке алу деректері Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің кадастры мен мониторингін жүргізу үшін негіз болып табылады.

Параграф – бап 2. Жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2026 № 105 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің кадастры электрондық нысандажабайы жануарлар түрлерінің таралуы, биологиялық жай-күйі, саны, шаруашылық мақсатта пайдаланылу сипаты мен қарқындылығы туралы қажетті мәліметтер мен құжаттар жүйесін қамтиды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2026 № 105 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жануарлар дүниесінің кадастры аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2026 № 105 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 359 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24277 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік кадастрлардың бірыңғай жүйесін жүргізу кадастрлық кітап нысанында және деректерді ақпараттық интеграция құралдары арқылы электрондық түрде беру жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі барлық мекемелер мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша кадастрлық құжаттамаға ағымдағы өзгерістер туралы мәліметтерді енгізіп тұрады.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне кадастрлық құжаттама беріледі.

14. Жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу үшін қажет жыл сайынғы құжаттаманың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

15. Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің кадастрлық кітабы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

16. Алып тасталды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 11.09.2025 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Параграф – бап 3. Жануарлар дүниесінің мониторингін жүргізу

17. Жануарлар дүниесінің мониторингі жануарлар дүниесі объектілерінің таралуын, санын, физикалық жай-күйін, олардың мекендейтін ортасының құрылымын, сапасын және алаңын жүйелі түрде бақылау жүйесін білдіреді. Мониторинг экологиялық жүйелер мен биологиялық әртүрлілікті сақтау, жануарлар дүниесін теңдестірілген дәрежеде және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету үшін болып жатқан өзгерістерді анықтау және бағалау, теріс процестер мен құбылыстардың алдын алу және олардың зардаптарын жою мақсаттарында жүргізіледі.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік
есепке алуды, оның кадастры мен
мониторингін жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу үшін қажетті жыл сайынғы құжаттаманың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректердің нысаны www.gov.kz интернет-ресурста орналастырылған

Индекс: АШ-1

Жиілігі: жылдық.

Есептік кезең: 20__ жыл.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жануарлар дүниесін пайдаланушылар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері.

Ұсынылады: жануарлар дүниесін пайдаланушылар және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аумақтық бөлімшелердің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі 20 қаңтарға дейін.

1-кесте

Жабайы жануарлар мен құстардың санын есепке алу деректері (дарак)

Атауы (аңшылық пайдаланушылар, аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар)	Есепке алу қамтылған алаң (мың га)	Жануардың түрі	Есепке алу алаңындағы жабайы жануарлардың саны (дарағы)				Жануарлардың барлық саны (дарақтардың экстраполяциясынан кейін)			
			Барлығы (дарак)	Аталықтар (дарак)	Аналықтар (дарак)	Төлі (дарак)	Барлығы (дарак)	Аталықтар (дарак)	Аналықтар (дарак)	Төлі (дарак)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

2-кесте

Су айдындарындағы суда жүзетін құстардың санын есепке алу деректері (дарак)

Аңшылық пайдаланушылардың атауы	Барылдауық	Шүрегейлер	Сүңгуірлер	Басқа да өзен үйректері	Барлық үйрек	Қасқалдақтар	Қаздар
1	2	3	4	5	6	7	8

3-кесте

Бос аңшылық алқаптарда аңшылық жануарлар түрлерінің санын есепке алу көрсеткіштері (дарак)

Жануар түрі	Жерлердің алаңы, барлығы (мың га)	Тралы м түрі (мың га)	Таралым алаңынан есепке алынған алаң (мың га)	Таралым алаңынан есепке алу %ы	Есепке алудың көрсеткіштері				Экстраполяция көрсеткіштері				1000 га тығыздығы (дарак)
					Барлығы (дарак)	Аталықтар (дарак)	Аналықтар (дарак)	Төлі (дарак)	Барлығы (дарак)	Аталықтар (дарак)	Аналықтар (дарак)	Төлі (дарак)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

4-кесте

Су айдындарындағы аңшылық құстар түрлерінің қоныс аудару ерекшеліктері (дарак)

1) көктемгі ұшу

Құс түрі	Ұшу барысы байқалған күні	Жаппай ұшу күні	Ұшудың аяқталу күні	Стационарлық қадағалаудағы есепке алу саны		
				таңертең	кешке	барлығы
1	2	3	4	5	6	7

2) күзгі ұшу

Р/с №	Құс түрінің топтары	Күзгі ұшу басталған күн	Ұшу мерзімі	Ұшудың аяқталуы	Ұшып өткен құстардың саны
1	2	3	4	5	6

5-кесте

Жабайы жануарларды жерсіндіру, жұмсалған қаражат шығындар (дарак)

Р/с №	Аңшылық пайдаланушылардың атауы	Атау (аңшылық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар)	Жерсіндірілген			
			аңдар		құстар	
			саны (дарак)	шығыстар (мың теңге)	саны (дарак)	шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7

6-кесте

Жабайы жануарларды олжалау туралы мәліметтер (дарак)

Р/с №	Аңшылық пайдаланушы	Жануарлар түрі (жынысы -жасы)	Бекітілген	Олжанғаны		Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін түскен төлемдер		Республикалық бюджетке жолданды	Қатысқан аңшылар	
				түрлері бойынша	соның ішінде		соның ішінде шетел			

	нушыла рдың атауы	бойынш а топтар)	лимит (а квота)	а барлығы	шетел т у р аңшылы ғынан	барлығы (мың теңге)	т у р аңшылы ғынан (м ың теңге)	(мың теңге)	азаматта р	шетел азаматта ры
1	2	3	4	5	6	8	9	10	11	12

Типтік мекенжай бөлігі Типовая адресная часть

Атауы Наименование _____	Мекенжайы Адрес _____
-----------------------------	--------------------------

Телефоны

Телефон _____

Электрондық почта мекенжайы адрес электронной почты _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын
тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами
частного предпринимательства)

Әкімшілік деректерді
жинақтауға арналған
нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

Жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу үшін қажетті жыл сайынғы құжаттаманың тізбесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Нысанды жүргізудің негізгі міндеті жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу үшін қажетті жыл сайынғы құжаттаманы ұсыну болып табылады.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесі кадастрында жабайы жануарлар түрлерінің таралуы, биологиялық жай-күйі, саны, сипаты және шаруашылық

пайдаланудың қарқындылығы туралы қажетті мәліметтер мен құжаттар жүйесі қамтылады.

Жануарлар дүниесінің кадастры аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша жүргізіледі.

Жануарлар дүниесі кадастрының құжаттамасы аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша кадастрлық кітап нысанында жүргізіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі барлық мекемелер және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жыл сайын есепті жылдан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша кадастрлық құжаттамаға ағымдағы өзгерістер туралы мәліметтерді енгізеді.

Есепті жылдан кейінгі 20 қаңтарға дейін жануарлар дүниесін пайдаланушылар уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне кадастрлық құжаттаманы ұсынады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

2. Нысанның 1-кестесінің 1-бағанында аңшылық пайдаланушылардың, аңшылық шаруашылықтарының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың атауы көрсетіледі.

3. Нысанның 1-кестесінің 2-бағанында есепке алумен қамтылған алаңның атауы (мың гектар) көрсетіледі.

4. Нысанның 1-кестесінің 3-бағанында жануардың түрі көрсетіледі.

5. Нысанның 1-кестесінің 4, 5, 6, 7-бағандарында есепке алу алаңындағы дарақтардағы жынысы мен жасы бойынша жабайы тұяқты жануарлардың жалпы саны көрсетіледі.

6. Нысанның 1-кестесінің 8, 9, 10, 11-бағандарында жабайы тұяқты жануарлардың жынысы мен жасы бойынша дарақтардағы (жануарларды экстраполяциялағаннан кейін) жалпы саны көрсетіледі.

7. Нысанның 2-кестесінің 1-бағанында аңшылық пайдаланушылардың атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 2-кестесінің 2-бағанында есепке алынған сұр барылдауық саны көрсетіледі.

9. Нысанның 2-кестесінің 3-бағанында есепке алынған шүрегей саны көрсетіледі.

10. Нысанның 2-кестесінің 4-бағанында ескерілген сүңгуірлердің саны көрсетіледі.

11. Нысанның 2-кестесінің 5-бағанында ескерілген өзге де өзен үйректерінің саны көрсетіледі.

12. Нысанның 2-кестесінің 6-бағанында 2, 3, 4, 5-бағандардың қосындысына тең есепке алынған үйректердің жалпы саны көрсетіледі.

13. Нысанның 2-кестесінің 7-бағанында есепке алынған қасқалдақ саны көрсетіледі.

14. Нысанның 2-кестесінің 8-бағанында ескерілген қаздардың саны көрсетіледі.

15. Нысанның 3-кестесінің 1-бағанында жануар түрінің атауы көрсетіледі.

16. Нысанның 3-кестесінің 2-бағанында есепке алумен қамтылған алаңның атауы (мың гектар) көрсетіледі.

17. Нысанның 3-кестесінің 3-бағанында мыңдаған гектар аумақтың ауданы көрсетіледі.
18. Нысанның 3-кестесінің 4-бағанында ареал ауданынан (мың гектар) есепке алу алаңы көрсетіледі.
19. Нысанның 3-кестесінің 5-бағанында диапазонның жалпы ауданынан есепке алу жүргізілген пайызбен аудан көрсетіледі.
20. Нысанның 3-кестесінің 6, 7 және 8-бағандарында жабайы тұяқты жануарларды жынысы мен жасы бойынша есепке алу көрсеткіштері көрсетіледі.
21. Нысанның 3-кестесінің 10, 11, 12 және 13-бағандарында жабайы тұяқты жануарлардың жынысы мен жасы бойынша есепке алу көрсеткіштері көрсетіледі.
22. Нысанның 3-кестесінің 14-бағанында популяция тығыздығы 1000 гектарға көрсетіледі.
23. Нысанның 4 1) кестесінің 1-бағанында көктемгі аралықта көші-қон кезеңінде ескерілген су айдындарындағы аңшылық құстардың түрі көрсетіледі.
24. Нысанның 4-кестесінің 2-бағанында 1) көктемгі аралықта көші-қон кезеңінде есепке алынатын құстардың алғашқы пайда болған күні көрсетіледі.
25. Нысанның 4-кестесінің 3-бағанында 1) көктемгі аралықта көші-қон кезеңінде есепке алынатын құстардың жаппай ұшып өту күні көрсетіледі.
26. Нысанның 4-кестесінің 4-бағанында 1) көктемгі аралықта көші-қон кезеңінде есепке алынатын құстардың ұшып өтуінің аяқталу күні көрсетіледі.
27. Нысанның 4-кестесінің 5-бағанында 1) тұрақты бақылау пункттерінен таңертеңгі уақытта көктемгі ұшудағы құстардың есепке алынған саны көрсетіледі.
28. Нысанның 4 1) кестесінің 6-бағанында тұрақты бақылау пункттерінен кешкі уақытта көктемгі ұшудағы құстардың есепке алынған саны көрсетіледі.
29. Нысанның 4-кестесінің 7-бағанында 5 және 6-бағандарда көрсетілген құстар санының сомасына тең көктемгі аралықтағы құстардың жалпы саны көрсетіледі.
30. Нысанның 4 2) кестесінің 2-бағанында күзгі аралықта көші-қон кезеңінде ескерілген құстардың түрі көрсетіледі.
31. Нысанның 4 2) кестесінің 3-бағанында күзгі аралықта қоныс аудару кезеңінде есепке алынатын құстардың алғашқы пайда болған күні көрсетіледі.
32. Нысанның 4-кестесінің 4-бағанында 2) күзгі аралықта көші-қон кезеңінде есепке алынатын құстардың жаппай ұшып өту күні көрсетіледі.
33. Нысанның 4-кестесінің 5-бағанында 2) күзгі аралықта көші-қон кезеңінде есепке алынатын құстардың ұшып өтуінің аяқталу күні көрсетіледі.
34. Нысанның 4 2) - кестесінің 6-бағанында тұрақты бақылау пункттерінен ұшып өтетін құстардың есепке алынған саны көрсетіледі.
35. Нысанның 5-кестесінің 2-бағанында аңшылық пайдаланушылардың атауы көрсетіледі.

36. Нысанның 5-кестесінің 3-бағанында аңшылық пайдаланушылардың, аңшылық шаруашылықтарының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың атауы көрсетіледі.

37. Нысанның 5-кестесінің 4, 5, 6, 7-бағандарында жабайы жануарлар мен құстарды қоныстандыру, жұмсалған қаражаттың көрсеткіштері көрсетіледі.

38. Нысанның 6-кестесінің 2-бағанында аңшылық пайдаланушылардың атауы көрсетіледі.

39. Нысанның 6-кестесінің 3-бағанында жануарлардың жынысы мен жасына қарай түрлері көрсетіледі.

40. Нысанның 6-кестесінің 4-бағанында бекітілген лимит (квота) көрсетіледі.

41. Нысанның 6-кестесінің 5-бағанында түрлер бойынша өндірілген жабайы жануарлардың саны көрсетіледі.

42. Нысанның 6-кестесінің 6-бағанында шетелдік аңшылықтан алынған жабайы жануарлардың саны көрсетіледі.

43. Нысанның 6-кестесінің 8-бағанында жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін түскен төлемдер (мың теңге) көрсетіледі.

44. Нысанның 6-кестесінің 9-бағанында жануарлар дүниесін шетелдік аңшылықтан пайдаланғаны үшін түскен төлемдер (мың теңге) көрсетіледі.

45. Нысанның 6-кестесінің 10-бағанында республикалық бюджетке жіберілген саны көрсетіледі (мың теңге).

46. Нысанның 6-кестесінің 11-бағанында қатысушы аңшылардың (азаматтардың) саны көрсетіледі.

47. Нысанның 6-кестесінің 12-бағанында қатысушы аңшылардың (шетел азаматтарының) саны көрсетіледі.

Есептің соңында оның толтырылған күні, аты, тегі және әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі және орындаушының және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі басшысының қолдары қойылады.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік
есепке алуды, оның кадастры мен
мониторингін жүргізу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің кадастрлық кітабы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректердің нысаны www.gov.kz интернет-ресурста орналастырылған

Индекс: АШ-2

Жиілігі: жылдық.

Есептік кезең: 20__ жыл.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жануарлар дүниесін пайдаланушылар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері.

Ұсынылады: жануарлар дүниесін пайдаланушылар және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аумақтық бөлімшелердің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті жылдан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша.

Министрлік, ведомство _____

Облыстық аумақтық инспекция _____

Аңшылық шаруашылығы _____

Пайдаланушы _____

Пошта мекенжайы _____

БСН (ЖСН) _____

Аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің кадастрлық кітабы

Басталды: 20__ жылғы "" жағдай бойынша

Аяқталды: 20__ жылғы "" жағдай бойынша

__ __ Парақта

Үнемі сақтаңыз

1-бөлім

Аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін негіз

1-бөлімде аңшылық шаруашылығының атауы, пайдаланушының атауы, аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт, аңшылық шаруашылығының паспорты көрсетіледі.

2-бөлім

Аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің саны және оларды бағалау (дарак)

Жануардың түрі _____

Өзгерістер енгізілген күн	Барлығы		Соның ішінде:					
			Аталықтар (дарак)		Аналықтар (дарак)		Төлдері (дарак)	
	саны	бағалау құны	саны	бағалау күні	саны	бағалау күні	саны	бағалау күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
20__ ж.								
20__ ж.								

1) Саны – деректер жануарлар түрлері есебінен алынады;

2) Бағалау құны – деректер жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем ставкаларынан алынады.

Жануардың әрбір түріне жеке-жеке кесте толтырылады.

3-бөлім

Аң аулау объектілері болып табылатын құстар түрлерінің саны және оларды бағалау (дарак)

Суда жүзетін құс

Өзгерістер енгізілген күн	Жануарлар дүниесін пайдаланушының атауы	барлығы		Соның ішінде								басқалары
				барылдауық		қаздар		үйректер		сарыала қаз		
		саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	
20__ ж.												
20__ ж.												
20__ ж.												

- 1) Саны – деректер жануарлар түрлері есебінен алынады;
- 2) Бағалау құны – деректер жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем ставкаларынан алынады.

Орман жабайы құсы және орман құсы

Өзгерістер енгізілген күн	Жануарлар дүниесін пайдаланушының атауы	барлығы		соның ішінде								басқалары
				саңырау құр		құр		сұр құр		жылқышы		
		саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	саны	бағалау құны	
20__ ж.												
20__ ж.												
20__ ж.												

- 1) Саны – деректер жануарлар түрлері есебінен алынады;
- 2) Бағалау құны – деректер жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем ставкаларынан алынады.

Егістік және дала құсы

	Жануарлар дүниесі	барлығы	соның ішінде				

1) Саны – деректер жануарлар түрлері есебінен алынады;

2) Бағалау құны – деректер жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем ставкаларынан алынады.

Типтік мекенжай бөлігі Типовая адресная часть

Атауы Наименование _____	Мекенжайы Адрес _____ _____
-----------------------------	-----------------------------------

Телефоны

Телефон _____

Электрондық почта мекенжайы Адрес электронной почты

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

— тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами

частного предпринимательства)

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме Аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің кадастрлық кітабы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің кадастрлық кітабы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

2. Нысанның 2-бөлімінің 1-бағанында өзгерістер енгізілген күн көрсетіледі.

3. Нысанның 2-бөлімінің 2, 3-бағандарында аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің саны, бағалау құны және жалпы саны көрсетіледі.

4. Нысанның 2-бөлімінің 4, 5-бағандарында аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің саны, бағалау құны және жалпы саны көрсетіледі.
5. Нысанның 2-бөлімінің 4, 5, 6, 7,8, 9-бағандарында дарақтардағы жынысы мен жасы бойынша аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің саны, бағалау құны және жалпы саны көрсетіледі.
6. Нысанның 1-кестесінің 8, 9, 10, 11-бағандарында жабайы тұяқты жануарлардың жынысы мен жасы бойынша дарақтардағы (жануарларды экстраполяциялағаннан кейін) жалпы саны көрсетіледі.
7. Нысанның 3-бөлімінің 1-бағанында өзгерістер енгізілген күн көрсетіледі.
8. Нысанның 3-бөлімінің 2-бағанында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың атауы көрсетіледі.
9. Нысанның 3-бөлімінің 3, 4-бағандарында бағандарда көрсетілген аңшылық объектілері болып табылатын құс түрлерінің саны, бағалау құны және жалпы саны көрсетіледі 5, 6, 7, 8, 9,10, 11, 12,13.
10. Нысанның 3-бөлімінің 5, 6-бағандарында ескерілген барылдауық саны мен бағалау құны көрсетіледі.
11. Нысанның 3-бөлімінің 7, 8-бағандарында есепке алынған қаздардың саны мен бағалау құны көрсетіледі.
12. Нысанның 3-бөлімінің 9, 10-бағандарында есепке алынған үйрек саны мен бағалау құны көрсетіледі.
13. Нысанның 3-бөлімінің 11, 12-бағандарында есепке алынған италақаз саны мен бағалау құны көрсетіледі.
14. Нысанның 3-бөлімінің 13-бағанында құстардың басқа түрлерінің бағалау құны және жалпы саны көрсетіледі.
15. Нысанның 3-бөлімінің 5, 6-бағандарында есепке алынған көк сүңгуір саны мен бағалау құны көрсетіледі.
16. Нысанның 3-бөлімінің 7, 8-бағандарында есепке алынған қызғыш саны мен бағалау құны көрсетіледі.
17. Нысанның 3-бөлімінің 9, 10-бағандарында есепке алынған қызылбас сүңгуір саны мен бағалау құны көрсетіледі.
18. Нысанның 3-бөлімінің 11, 12-бағандарында есепке алынған жылқышы саны мен бағалау құны көрсетіледі.
19. Нысанның 3-бөлімінің 5, 6-бағандарында есепке алынған қырғауылдардың саны мен бағалау құны көрсетіледі.
20. Нысанның 3-бөлімінің 7, 8-бағандарында есепке алынған сусылдақ саны мен бағалау құны көрсетіледі.
21. Нысанның 3-бөлімінің 9, 10-бағандарында есепке алынған бөдене саны мен бағалау құны көрсетіледі.

22. Нысанның 3-бөлімінің 11, 12-бағандарында есепке алынған тұр кептер саны мен бағалау құны көрсетіледі.

23. Нысанның 3-бөлімінің 5, 6-бағандарында есепке алынған балшықшы саны мен бағалау құны көрсетіледі.

24. Нысанның 3-бөлімінің 7, 8-бағандарында есепке алынған су тартар саны мен бағалау құны көрсетіледі.

25. Нысанның 3-бөлімінің 9, 10-бағандарында есепке алынған коростель саны мен бағалау құны көрсетіледі.

26. Нысанның 3-бөлімінің 11, 12-бағандарында есепке алынған қызыл қасқа су тартар саны мен бағалау құны көрсетіледі.

27. Нысанның 3-бөлімінің 5, 6-бағандарында есепке алынған сарыалақаз саны мен бағалау құны көрсетіледі.

28. Нысанның 3-бөлімінің 7, 8-бағандарында есепке алынған су құзғын саны мен бағалау құны көрсетіледі.

29. Нысанның 3-бөлімінің 9, 10-бағандарында есепке алынған тырна саны мен бағалау құны көрсетіледі.

30. Нысанның 3-бөлімінің 11, 12-бағандарында еске алынған үлпілдек саны мен бағалау құны көрсетіледі.

Есептің соңында оның толтырылған күні, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі және орындаушының және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі басшысының қолдары қойылады.